

М.Әбілхак¹, Ж.Ж.Жарылғапов²¹Минзу университеті, Қытай;²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru)

Қазақ прозасының типологиялық мәселелері

Мақалада қазақ прозасының қалыптасу кезеңіндегі факторлар талданды. Ұлттық прозаның пайда болуындағы шетел әдебиетінің ықпалы, қазақ жазушыларының шетелдік әдебиеттен жасаған аудармаларының ролі қарастырылды. Прозалық шығармаларды аударудың Ы. Алтынсарин мен Ш. Құдайбердіұлы жасаған тәжірибелері мысалға алынды. Проза жанрының жылдам өркендеп кетуіндегі «жедел даму» құбылысының мәні зерттелді. Әлемдік әдебиетте қалыптасқан жанрлық-стильдік ерекшеліктердің қазақ әдебиетіне келіп орнығуы жан-жақты түсіндірілді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, қазақ прозасы, проза типологиясы, «әдебиеттің жедел дамуы», әдеби байланыс.

Қазақ әдебиетінде проза жанрының қалыптасып, дамуындағы ұлттық поэтикалық дәстүрдің ролін ешкім жоққа шығара алмайды. Көркем сөз қолданысында өлең сөз жүйесіне бірнеше ғасырлар бойы басымдық беріп келген әдебиетіміз проза жанрының қалыптасуына алғышарттар жасады. Сондай-ақ әдебиеттегі жаңа форманың жетілуіне сыртқы әсер, басқа елдердегі реалистік проза дәстүрінің де орнын ескеруіміз қажет. Сырттан келетін әдеби ықпалдарды сөз еткенде XIX ғасырдың аяғынан бастап ұлттық сөз өнеріндегі шығыстық дәстүр анағұрлым бәсең тартып, XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап әредік қана көзге шалынатын болды.

Қалай десек те, қазақ әдебиетіндегі проза, әсіресе оның эпикалық формалары еуропалық әдебиеттегі дәстүрлерге бағдар ұстанып, ондағы үлгілерді ұлттық көркемдік таным ерекшеліктеріне бағындыра, өз талғамына сай сіңіре алды. Сондықтан батыс елдердің әдебиеттерінде болған әдеби ортақтықтар, әр кезеңде жетекшілік еткен тенденциялар біздің әдебиетімізде сол қалпында қайталанбаса да, көріністері танылып отырады. Бұл елдер әдебиетіндегі әдеби бағыттар мен ағымдар, көркемдік әдістердің пайда болуына негіз болған жағдайдарға ұқсас көріністерді қазақ әдебиетінен де мол ұшыратамыз.

Қазақ әдебиетін зерттеушілер ұлттық проза жанрларының түп негіздерін халық ауыз әдебиетінің мұралары: лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан, жыраулар шығармашылығының басты жанры — толғаулардан, шежірелерден т.б. іздейді. Мұндай әдістеме қазақ әдебиеттануында әбден орнығып, ол арқылы бірнеше ғылыми жетістіктерге қол жеткізе алдық. Халық мұраларының прозалық үлгілерін қарастырып, оның өзіндік көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін ашқан С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984), қазақ романының жанрлық тамырларын зерттеуде ежелгі мифтер мен фольклордан бастап жазба әдебиетіне дейін көктей қарастыру жүйесін әкелген Ш.Елеукуновтің «От фольклора до романа-эпопеи» (1987) сияқты монографиялық еңбектері біршама көкейкесті мәселелерді шешіп, ең маңыздысы, бұл тараптағы болашақ ізденіс бағдарларын айқындап берді.

Б. Шалабаевтың «Қазақ прозасының тарихында» (1968) да ұлттық проза жанрларын фольклорлық мұралармен байланыстыруды кездестіреміз. Бірақ аталмыш еңбек прозалық жанрлар эволюциясының бастау көздерін халық шығармашылығы мен поэзияда екенін айтқанымен, жіті теориялық талдауларға бара бермеген. Прозаның халықтық үлгілері делінетін жанрларға үстірт сипаттама берумен шектеледі. Ал әдебиетіміздегі роман сынды жанрдың пайда болуын тек қана орыс әдебиетінің жемісі деп бағалауын қолдау қиын. Сондықтан да болар, ол еңбек өз кезінде біраз сынға ұшырады. Дей тұрғанымызбен, бұл еңбек тың ғылыми проблемаға жол салуымен, қазақ прозасының дәні фольклор мен ауыз әдебиетінде жатқандығын меңзеуімен, зерттеу материалы ретінде қыруар көркем шығармаларды қамтуы жағынан өз уақытының сұранысын біршама ақтай білді деп санаймыз.

Ш. Елеукунов реалистік әдебиетте ауқымды артықшылыққа ие, финалдық жанр деп қарастырылып келе жатқан романның ғылыми типологиясын жасауға, түрлік ерекшеліктерін айғақтауға ден қойды. Ол жанр мәселесін шешуде нақты бір дәуірдегі әдеби үдерістің негізгі ерекшеліктерін танытатын көркемдік құрылымдар типологиясының маңызына тоқталып өткен

болатын. Қазақ романының өзіндік даму заңдылықтарына үнілген зерттеуші осы жанрдың шет елдік, көршілес елдердің ғалымдары негіздеген бірнеше концепцияларға талдаулар жасайды. Сондықтан да ол тұжырымдарды қайталаудың қажеттігі жоқ. Біз үшін маңыздысы — роман жанрының поэтикасындағы бүкіладамзаттық көркемдік даму заңдылықтары мен ұлттық топырақтағы эстетикалық факторлардың тоқайласу шектері. XX ғасыр басындағы адам санасы мен өмірдің күрделенген қайшылықтарына дендеу үшін қазақ әдебиетінің жанрлық репертуарында роман басымдыққа ие болғаны аян. Ш.Елеуенов «Неліктен роман? Неге өлең емес? Неге эпикалық поэма емес? Неге мысал емес?» деген сұрақ қоя отырып, «бүтін бір дәуірдің идеясын бойына сыйғыза алатын, ол дәуірдегі қаһармандық пен күнделікті өмір ағысын, комедиясы мен трагедиясын, саясаты мен философиясын, сол дәуір адамының жан дүниесінің қозғалысы, аңсары мен әрекетін бейнелеуде» романдық форманың үстемдігі қазақ әдебиетінің жаңа, жоғарғы сатысы деп табады [1; 98]. Және қазақ романының пайда болуына басқа әдебиеттерде де кезесетін мынадай нақты жағдайлар себеп болды дейді: «1) Өмірдің өзінде де түбегейлі өзгерістер қажет екенін сезіну пайда болды. 2) Ол қажеттіліктерді таныту үшін әдебиет өз дәуірінің тақырыптарына қарай ұмтылды. 3) Дәуір ұсынған тақырыптарды бейнелеу үшін дәуір мәселелерін тұтастай қамтитын, яғни саясатты да, философияны да, моральды да, психологияны да, қысқасы, адамның немен өмір сүретінін, немен тыныстайтынын түгел біріктіре алатын жаңа баяндау формалары керек еді. 4) Құндылықтарды қайта бағалауда өзінің айрықша мүмкіндігін дәлелдеген жаңа дәуірге лайықты эпос жанры, яғни роман, қажет болды» [1; 108, 109].

Ұлттық топырақта пайда болған әрбір жаңа жанрдың сол ұлт өнерінің даму логикасынан шығарып барып әлемдік көркемдік өріспен сабақтастыру — ең өнікті, әрі дұрыс жол. Ш. Елеуенов еңбегінде қазақ әдебиетіндегі жанрлық-стильдік құрылымдар өзгерісіндегі сыртқы әсерлер, басқа әдебиеттердің орны жоққа шығарылмайды. Әсіресе ғалымның ұлт әдебиетіндегі өмір құбылыстарын бейнелеу ұстанымдары мен дәстүрлі жанрлардың ауқымының кеңеюінде әдеби аударманың ролін өте орынды бағалайды. Расында да, әдебиетімізде сонет, элегия, мысал, романтикалық поэма, шағын эпистолярлық роман сияқты жанрлық формалардың көрініс беруі — қазақ суреткерлерінің ұлттық таным мен талғамды ескере отырып жасаған талантты аудармаларының нәтижесі. Абайдың төл шығармаларымен қатар, аудармалары романдық сюжет, романға тән психологиялық және әлеуметтік талдау қалыптастырудағы орны орасан.

Орыс классикалық мұраларынан бұрын әжептәуір мөлшерде аударылған шығыс поэзиясының туындылары болғанымен, олардың жаңа ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жанрлық құрылымдар түзудегі ізі бірте-бірте көмескілене бергені де ғалымдар назарынан сырт қалған емес. Мұны ұлттық әдебиеттің еуропалануы деп тануға әсте болмайды. Қайта қазақ әдебиетінің өзіндік заңдылықтарына сәйкес жаңа мазмұндық-формалық ізденістерге бой ұрғаны деп қабылдаған жөн. Жаңа фазаға көтерілген көркемдік таным мен көркемдік ойлау осыны қажетсінді.

Қазақ әдебиеттануында жан-жақты қарастырыла бастаған бұл мәселені идеологиялық талап-шарттардан тыс, еліміз тәуелсіздік алған жылдары зерттеген А. Исмақова еңбегі толымды болып шығуы заңды. Өйткені бұрынғы зерттеулерде ашық талдауға болмаған қазақ романының қарлығашы — «Бақытсыз Жамал» мен Шәкәрімнің өзгеше қырын танытқан «Әділ-Мәриясынсыз», М. Жұмабаевтың классикалық әңгіме жанрының бүкіл шарттары сақталған, прозаның күрделі формаларының қалыптасып кетуіне алабөтен серпін берген «Шолпанның күнасынсыз», Ж. Аймауытовтың әңгімелері, повесі, ұлттық прозаның жаңа эстетикалық сапасы — «Қартқожасы» мен «Ақбілегінсіз» біздегі проза жанрларының даму тенденциясын толық айқындап шығу мүмкін емес еді. Сонымен қатар аталған еңбекте ауыз әдебиеті жанрларының роман құрылымын түзуге қандай компоненттер бере алғандығы, әр жанрдың қандай мазмұндық-түрлік үлес қосқандығы туралы нақты мақсатты көзделген.

Тағы бір айта кетерлігі — қазақ кәсіби прозасы мен романының қалыптасуына орыстың реалистік прозасы, ол арқылы келген батыстық әдебиеттің жоққа шығаруға болмайтын ықпалының қаншалықты деңгейде болғандығына көңіл аударылуы. Зерттеушінің бағамдауынша, «орыстың реалистік романы қазақ ауыз әдебиетінің эпикалық мұраларына дем берушілік роль ғана атқарды. Егер әдебиеттерде жанр дәстүрінің «тектік» және «түрлік» негіздерін жинақтау үдерісі жүріп жатпағанда роман бұлай тез орнығып қаламас еді» [2].

Бұл салада осыншалық ауқымды істер атқарылғанына қарамастан, ұлттық проза жанрларының қалыптасуында басқа да қосымша факторлардың бар екендігі мәселені әрі қарай індете түсуге жетелейді.

Адамзат архаикалық-ұжымдық, фольклорлық-поэтикалық ойлаудан авторлық ойға, жеке сана көріністеріне дейінгі динамикалық даму жолында бірнеше сатылардан өтуі арқылы көркемдік танымның ең күрделі формаларына қол жеткізе алды. Әлемдік әдебиеттің тарихи даму жолында өзіндік орын алатын қазақ әдебиеті де рухани өркендеудің адам баласы жүріп өткен белестерін бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді. Барша әдебиеттерге тән ортақ заңдылықтар сырын игере алу мен өзіндік ұлттық ерекшелігін нығайту арқылы көркемдік-идеялық жаңа сапа танытудың жарқын мысалы — XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. XX ғасырда қазақ әдебиетінің эстетикалық құрылымы мен жанрлық жүйелеріне шешуші өзгерістер келді. Әсіресе қуатты қарқын таныта бастаған проза батыл түрде жаңа тәжірибелер жасай берді. Бұл ұлттық прозадағы көркемдік әдістердің күрделенуінен, жаңа әдеби ағымдардың орын тебуінен де айқындалады.

Жер бетіндегі барша халықтардың даму жолы біркелкі еместігі аян. Алғашқы қауымдық құрылыстан неғұрлым күрделі қоғамдық өмір формаларына әр халық түрлі жолдармен, түрлі уақыттарда өтіп отырды. Біреуінде классикалық антика, келесісінде феодалдық дәуір ұзақ уақытқа созылса, біреулері капиталистік формацияға ертерек енді т.б. Тарихи дамудың осы ерекшелігіне сәйкес, ғалымдар арасында талайдан бері пікірталастар тудырып келе жатқан, ұлттық әдебиеттану көп маңыз бере бермеген мынадай мәселелер бой көтереді: ұлттығы мен мемлекеттігі, жазба әдебиетінің пайда болуы әр түрлі хронологиялық кезеңдерде жүзеге асқан халықтардың барлығы антикалықтан модернизмге дейінгі көркемдік даму сатыларынан өтуі міндет пе және мүмкін бе? Көптеген зерттеушілер осындай күрделі сауалдарға жауапты «әдебиеттің жедел дамуы» тұрғысынан қарастыруды ұсынады.

Әдебиеттің жедел дамуының ерекшелігі мұнда ұлт пен халық адамзат мыңжылдықтар бойы жинап-терген, бойына сіңірген немесе ғасырлар бойғы ізденіс пен көркемдік кемелдікке ұмтылысы нәтижесінде жасаған мәдени-рухани айналымға кіріп, бірден араласып кетеді. Осы жерде ұлттық әдебиет өзінің жүріп өткен жолы мен өз тарихында жасалған рухани құндылықтарға қайтадан қайырылып, оларға баға беруге, әлдебір тұтастық ретіндегі адам баласының қол жеткізген қазіргі әлемнің жағдайымен өзінің сәйкесетін, сәйкеспейтін тұстарын салыстыра бажайлауға мүмкіндік алады. Дамудың жаңа сапалық кезеңіне бірден көтерілгенде ұлттық сана ерекше өзгеріске түседі. Оның алдынан әлемнің барша халықтары жинаған қазыналар ашылады. Тек қана руханият саласында ғана емес, ғылым мен техника саласындағы жаңалықтар, материалдық құндылықтар, моральдық-этикалық нормалар, сан түрлі қоғамдық-саяси модельдер т.б. тарихымен бетпе-бет келді.

Қандай да бір ұлттың әдебиеті дүниені көркемдік таным арқылы қабылдау тарихының ұзақ жолында басқа елдердің үздік тәжірибелерін бойына сіңіру арқылы ол халықтар жүріп өткен мәдени-рухани сатылардың ерекшеліктерін қажетінше қабылдайды. Мұнда аударма-шығармалардың атқаратын ролі де орасан. Олай дейтін себебіміз, XIX ғасырдағы аудармалармен бірге бізге әлем классиктерінің ағартушылық-гуманистік, демократияшыл көзқарастарымен қоса, адамзаттың антикалық, ортағасырлық, ренессанстық, жаңа дәуірлік таным-бағыттары келді. Бұл тұрғыда Шығыс, Батыс, орыс мәдениеті және философиясымен байланысы анағұрлым кең түрде көрінетін Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық өмірбаяны айрықша ілгерішіл құбылыс болды. Шәкәрім Батыс пен Шығыстың дүниетаным негіздерін терең меңгере отырып, ұлттық ерекшеліктерге сай шығыстық, батыстық көркемдік таным формаларын поэтикалық интерпретациялау арқылы қазақ әдебиетіне орнықтыруға күш салды. Ол Гомерді оқуы арқылы ежелгі грек, римдік жәдігерлермен, Байронды зерттеу арқылы романтизм дәуірінің эстетикасын, Абай ықпалымен Гетені тану арқылы жаңа дәуірдің көркемдік ұстанымдарын, А. Пушкин, Л. Толстой сынды әлемге мәшһүр болып үлгерген замандастарының гуманистік идеяларын жаңа сапада қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік қабаттарына сіңіруге тырысты. Қысқасын айтқанда, Шәкәрімнің көркемдік әлемі — аса қуатты ұлттық негіз бен батыстық, шығыстық мәдениеттердің тоғысындағы күрделі поэтикалық құрылым. Суреткердің көркемдік-философиялық таным қырларын немістің классикалық философиясы, Батыстағы ортағасырлық және Қайта өрлеу әдебиеті, ағартушылары мен романтиктері еңбектері негізінде ақын болып қалыптасқан Гете поэзиясымен үндестіктерді саралай бастауымыз да соның айғағы [3].

Өзіне дейінгі қазақ халқының бай фольклорын, шығыс классиктерінің ең үздік мұраларын, Абай тағылымын жүйелі түрде меңгерген Шәкәрім дін мен ғылымға деген қозғалыстарында Батыс ойшылдарының еңбектеріне («Үш анық» трактатында батыс ғалымдарының ондаған есімдері келтіріледі), тіптен мистикалық ілімдерге дейін сүйеніп отырады. Тегінде, ол өмірінің соңғы жылдарын елден аулақтағы саят қорада өткізуі шығармашылықпен айналысудағы жан тыныштығын

ғана іздеп бармаған деген ой келеді. Мысалы, ағылшын романтизмі дәстүрінде пайда болған «Озерная школа» («Көл мектебі») деп аталатын әдеби мектептің үздік өкілдері — Водсфорд, Колридж, Саутилер де ғұмырларын қоғамдық ортадан алыс, табиғат аясында өткізгені мәлім. Ақынның бұл әрекетіне өзі аса ілтипатпен ден қойған Еуропа романтиктерінің әсері болуы мүмкін деген болжам айтпақпыз. Мұндай болжамға негізді біз Еуропадағы романтизмнің ірі өкілдерінің идеялық ұстанымдары мен олар қалыптастырған дәстүрлерден тапқандаймыз. Өйткені Батыс романтиктері күнделікті сұрықсыз өмірге өздерінің қиялындағы идеал өмірді қарсы қойды. Бірте-бірте қоршаған ақиқат өмірдің өзінің идеалындағы өмірге айналмайтынын түсінді. «Сонымен бірге, — дейді К.Ахметов, — романтизмге еркіндікті қорғау, жеке адамды бағалау мен дәріптеу, әр адам бойындағы бірегей қасиеттерге ерекше зейін қоюшылық пен дара адамды дәріптеу тән. Жеке адамды мадақтау буржуазиялық қоғамдағы адамдардың даралық бітімін жоғалта бастаған тарихтың аяусыз қадамына деген қарсылықты, өзін-өзі қорғауға ұмтылушылықты танытады» [4]. Шәкәрім жеке тұлғаның бойындағы ерекше қасиеттерді даралауда, оның қоғамдық дамудағы бөлекше орнын әйгілеуі Абай мен Толстойға арнап жазған шығармаларында айқындалды. Романтиктердің алыстағы елдердің тұрмыс-тіршілігі, салт-санасына деген құштарлығы да, күнделікті күйкі тірліктен асқақ рух пен адамның ішкі ғажайып мүмкіндіктерін биік бағалайтын ерекшеліктері де қазақ ойшылының дүниетанымынан белгілі дәрежеде орын алды.

Ойшыл суреткер шет елдің озық рухани мұраларын мақсатты түрде зерттеп-игеруі, олардағы соны тәжірибелерді ұлттың көркем ой дамуына сәйкестендіре пайдалануға деген ұмтылысы бірнеше аудармалар жасауға мұрындық болып, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің жедел дамуына тың серпіндер берді. Шығыстың «Ләйлі-Мәжнүн», Қожа Хафиздің жырларымен қатар, Л.Толстойдың «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал» т.б. әңгімелерін, А.Пушкиннің «Дубровский» мен «Боранын», американ жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын аудару арқылы ұлттық әдебиеттің рухани байланыс көкжиегін кеңітті. Суреткердің аудармаларын әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ашып көрсетуге қатысты біршама зерттеулер жазылғандықтан, олардағы тұжырым-пікірлердің ғылыми маңызына тоқталмаймыз. Біздің айтпағымыз, Шәкәрімнің өзге елдердің прозалық шығармаларын аударуға ден қоюы қазақ сөз өнерінің басқа сатысына аяқ басуына, көркемдік таным аясының кеңеюіне аса маңызды бетбұрыс болғандығы. Прозалық шығармаларды аударудың тәжірибесі толық қалыптаспаған кезеңде Ы.Алтынсарин мен Ш.Құдайбердіұлының мұндай қадамдарға баруы, біріншіден, ұлттың тарихи дамуы барысында қалыптасқан жағдайлар мен күрделі құбылыстарды бейнелеуде лайықты пішін іздеуінен. Екіншіден, ұлттық әдебиет өзінің ішкі заңдылықтары негізінде прозаға дейінгі жанрлық түрленудің қажетті сатыларынан өтіп, проза жанрын игеруге дайын жаңа деңгейіне көтерілді. Сондықтан да Шәкәрім аудармаларының тым-тым еркіндігін де әрқилы түсіндіріп келеміз. Б.Әбдіғазыұлы: «Шәкәрімнің аудармашылық өнері өзгеге ұқсай бермейтін, классикалық тәржіма аясынан асып кетіп жататынын», — айтса [5], Ө.Күмісбаев: «... Ш.Құдайбердиев жазған «Дубровский әңгімесі» Пушкин повесінің аудармасы емес, оның қайта қазақша өлеңмен жырланған формасы, қазақ ортасына лайықталған нұсқасы. Пушкин прозасының өлеңмен берілген түрі, повестің дастанға айналуы», — деген ойын алға тартады [6].

Әрине, Шәкәрім Л.Толстойдан кейбір қысқа әңгімелерді болмаса, А.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» сынды күрделі прозалық үлгілерін қара сөзбен аударған жоқ. Бұл шығармалардың кең насихатталуына қазақ ортасында прозаның әлі қарқынды үрдіс алмағандығы жалпыға түсінікті болса керек. Екінші жағынан алып қарағанда, өзінің прозалық төл шығармаларын жазу алдындағы күрделі дайындық кезеңі болғанына дау жоқ. Өйткені оның аудармалары жарық көрген уақытынан әлдеқайда бұрын жазылды. Шәкәрімнің қара сөзбен жазылған тарихи-философиялық трактаттары мен мақалаларынан басқа «Бәйшешек бақшасы» атты қысқа әңгімелер топтамасы, «Шын бақтың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» т.б. әңгімелері, «Әділ-Мәрия» романы дәстүрлі Шығыс пен әдеби алмасулар нығайып келе жатқан Еуропа эстетикасының ұлттық топырақта, ұлттық танымға сай синтезделуінен туған өзгеше сипаттағы дүниелер.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған қазақ әдебиетінің жедел даму фазасына шығуында аударманың тарихи ролі орасан. Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, Б.Өтетілеуов, М.Сералин жасаған аудармалар әлемдік көркемдік таным үрдісінің ұлттық әдебиет өтіп үлгермеген сатыларын жедел түрде меңгеруге, қоғамдық сананың жаңа формаларын тудыруға аса үлкен ықпал жасады. Соның нәтижесінде бірнеше жылдардың ішінде өзіндік жанрлық-эстетикалық талаптарға толық жауап бере алатын қазақтың ұлттық прозасы дүниеге келді.

Бұл тұста қазақ әдебиетіндегі жедел даму құбылысының фольклорлық негіздеріне тоқталып өтпеске болмайды. Ұлттық әдебиет адамзаттың тарихи-мәдени керуенімен қай жерде тоғысады, қай кезеңде кенже қалады, дамудың қай сатыларын жедел өткереді? деген сауалдарға жауап іздеу барысында халықтың поэтикалық-фольклорлық ойлау мәдениеті, ұзақ уақытқа созылған фольклорлық дәуірдің берері көп. Қазақ халқының жазба әдебиеті қалыптасқанға дейінгі кезеңінде қоғамның рухани өмірі, болмысты образдап игеру ерекшеліктері фольклорлық-поэтикалық формада көрініс тапты. Мұнда бір-бірінен ажыратылмаған күйінде халықтың философиялық, құқықтық ойдандық, діни және эстетикалық т.б. көзқарастары тұтасып жүрді. Әдебиеттанушы үшін бұл күрделі үдерістер ішінен, яғни синкреттік шығармашылықтан нақты бір өнер саласы ретінде немесе қоғамдық сананың өзгеше формасы түрінде қабылданатын көркем әдебиетке өту қалай жүзеге асатынын бағамдау басты мақсат болып табылады. Өйткені әдебиеттің жедел дамуы құбылысында фольклор негізгі міндеттердің бірін атқарады. Г.Гачевше негіздесек, «әдебиеттің өтуге тиісті даму сатыларының қызметін фольклор атқарып, мәдениеттегі бос кеңістікті фольклор толтырады» [7]. Кезінде Ш. Уәлихановтың қазақ эпостарының образдары Еуропаның жазба әдебиетінен ешбір кем соқпайтынын айтуы да фольклордың әлемдік көркем ой дамуының жаңашылдықтарын бойына сіңіргіштік қасиетінің тағы бір куәсі болса керек [8].

Адамзат мәдениетінің антикалық дәуіріндегі мифтік таным мен мифологиялық дүниетанымына орай туған көркем дүниелерге ұқсас құбылыстар ежелгі қазақ мифтерінен аңғарылады. Алайда ерте уақыттағы қазақ мифтері ежелгі Греция, Рим, Египет, Үндістан, Қытайдағыдай тұтас жүйеге түсіп, көркемделген мифологияға айнала алған жоқ. «Оның басты себебі — Қазақстанда ертеде мекендеп, қазақты құраған ру-тайпалардың құл иеленуші мемлекет құрмай, рулық қауымнан бірден феодалдық қоғамға иек артуы. Жүйелі иерархиясы, тұрақталған орталығы бар көп жасаған құл иеленуші империяларда көне миф көркем мифологияға айналып, эстетикалық қызмет атқарған. Ал, рулықтан бірден феодализмге көшкен елдерде көпқұдайлы емес, бірқұдайлы дін орнап, көне миф жүйелену емес, қуғынға ұшырап, ыдырап кеткен, циклға түспеген, демек көркем дүниеге бірден айналмай, хикаяға, ертегіге ойысқан, жаңа жанр қалыптастырған. Феодалдық, бірқұдайлық қоғамда көркемдік-эстетикалық функцияны миф емес, фольклордың басқа жанрлары атқарған», — деп жазады С. Қасқабасов [9]. Біздің эпостық жырларымыздағы мифология элементтерінің грек мифологиясынан айырмашылығын ескермеуге болмайды. Ол заманда гректер түгелдей мифологиялық ойлаудың сатысында болды да, біздегі мифология элементтері аталық қоғамдық сананың жемісі — көбіне адам түрінде, антропология тұрғысында болып келді. Соңда да қазақ халқын құраған ру-тайпалардың табиғаттағы дүниенің барлығын бір деңгейден қараған мифологиялық дүниетанымы адамзат мәдениеті тарихының синкретті сатысымен үндестіктерге алып келді.

Қазақ прозасының қалыптасуын, оның аз уақыт ішінде әлемдік деңгейге көтеріліп үлгергенін де жедел дамудың нәтижесі деп танымыз. Іргелі елдердің рухани-мәдени тәжірибелерін сығымдалған түрде ұлттық өнерге сіңіру олардағы ірі-ірі әдеби бағыттардың, ағымдардың, әдістердің, стильдердің келуіне себеп болды. «Басқа әдебиеттер үшін өлеңдік поэзиядан қазіргі романға дейінгі қашықтық аса алшақ болса, Абайдың жолынан «Абай жолына» дейін қазақ әдебиеті бар жоғы жарты-ақ ғасырда жетті», — деп жазады Н.И.Конрад [10]. Сондықтан әдеби құбылыстарды тексергенде оларды дәстүр аясында жетілген ұлттық факт тұрғысынан және әлемдік көркемдік дамуға қатысы тұрғысынан да салмақтап отыру маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Елеуенов Ш.* От фольклора до роман-эпопеи (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). — Алма-Ата: Жазушы, 1987. — 352 с.
- 2 *Исмакова А.С.* Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 18.
- 3 *Сейсененова А.Б.* Шәкәрім және Гете: поэзиядағы көркемдік таным үндестігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. — Семей, 2004. — 34 б.
- 4 *Ахметов К.* Әдебиеттану эліппесі. — Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2000. — 148, 149-б.
- 5 *Әбдіғазилұлы Б.* Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. — Алматы: Кенже-Пресс, 2000. — 174-б.
- 6 *Күмісбаев Ө.* Терең тамырлар. — Алматы: Ғылым, 1994. — 234-б.
- 7 *Гачев Г.Д.* Неминуемое. Ускоренное развитие литературы. — М.: Худож. лит, 1989. — С. 401, 402.
- 8 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 162–168-б.
- 9 *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 93-б.
- 10 *Конрад Н.И.* О некоторых вопросах истории мировой литературы // Запад и Восток. — М.: Наука, 1972. — С. 293.

М.Абилхак, Ж.Ж.Жарылғапов

Проблемы типологии в казахской прозе

В статье рассмотрены факторы периода становления казахской прозы. Исследовано влияние зарубежной литературы на творчество казахских писателей. В качестве примера приведены литературные переводы И.Алтынсарина и Ш.Кудайбердиева. Проанализирована роль понятия «ускоренное развитие», которое ускорило процесс расцвета жанра «проза». Всесторонне объяснены жанрово-стилистические особенности мировой литературы, которые прижились в казахской литературе.

M.Abilkhak, Zh.Zh.Zharylgapov

Problems of typology in the Kazakh prose

In article considered are factors of the period of formation of the Kazakh prose. Influence foreign writers on works of the Kazakh writers is investigated. I.Altynsarin and Sh. Kudayberdiyev's literary translations are given as an example. The role of the concept «the accelerated Development» which accelerated process of blossoming of a genre prose is analyzed. Comprehensively genre and stylistic features of the world literature which got accustomed in the Kazakh literature.

References

- 1 Eleukenov Sh. *From folklore to the epic novel. (Ideological and aesthetic and genre originality of the Kazakh novel)*, Alma-Ata: Zhazushy, 1987, 352 p.
- 2 Ismakova A.S. *Kazakh fiction. Poetics, genre, style (the beginning of the twentieth century and the present)*, Almaty: Gylym, 1998, p. 18.
- 3 Seysekenova A.B. *Shakarim and Goethe: beauty accord of knowledge of poetry: Candidate of Philology ... abstract*, Semey, 2004, 34 p.
- 4 Akhmetov K. *Alphabet literary criticism*, Almaty: KAZakparat, 2000, p. 148, 149.
- 5 Abdigaziuly B. *Traditional and colourful bases of creativity Shakarim*, Almaty: Kenzhe-Press, 2000, p. 174.
- 6 Kumisbayev O. *Deeply roots*, Almaty: Gylym, 1994, p. 234.
- 7 Gachev G.D. *Neminuyemoye. The accelerated development of literature*, Moscow: Khudozheztvannaya literatyra, 1989, p. 401, 402.
- 8 Ualikhanov Sh. *Favourites*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 162–168.
- 9 Kaskabasov S. *Kazakh national prose*, Almaty: Gylym, 1984, p. 93.
- 10 Conrad N.I. *West and East*, Moscow: Nauka, 1972, p. 293.